

"Бағалы металдар мен асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2373 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Бағалы металдар мен асыл тастарға байланысты қатынастарды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасының Президентіне Қазақстан Республикасының заң актілерін осы Жарлыққа сәйкес келтіру туралы ұсыныстар беретін болсын;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Жарлыққа сәйкес келтірсін;

- Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының және мемлекеттік комитеттерінің өздерінің осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілерін қайта қарауын және күшін жоюын қамтамасыз етсін;

- екі ай мерзімде Асыл тастармен операциялар жасаудың ережесін; үкімет (бюджет) резервіне тапсырылатын құндылықтарды тапсырудың, берудің, есептеудің және өткізудің тәртібін; Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп Бастапқы саудаластық жүргізудің ережесін әзірлесін.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі екі ай мерзімде Банктердің металл шоттарын жүргізу ережесін әзірлейтін болсын.

Қазақстан Республикасының

Президенті